

Филологические науки

УДК 82-21

Г.Қ. Теміржанова

E-mail: ziat_08_95@mail.ru

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

Ш. Құдайбердиевтің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанындағы шығыс сарыны

Аңдатпа. Мақалада Ш. Құдайбердиевтің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанындағы шығыс сарыны, назирагөйлік дәстүрі салыстырмалы жағынан қазақ даласының тарихи әлеуметтік тұрғысына жақындығы, Шәкәрімнің Физулидің «Ләйлі-Мәжнүн» нұсқасын таңдауы қарастырылған.

Түйін сөздер: шығыс сарыны, назирагөйлік, дәстүр, шежіре.

XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихында ірі тұлғалардың бірі – Шәкәрім екендігі даусыз. Ол – тікелей Абайдан тәлім алып, ісін алға апарушы, ұлы ақынның сөз өнеріндегі жалғасы. Шәкәрімнің қайталанбас өзіндік ақындық тұлғасын танытатын сипат-қасиеттер лирикасына тән нақыл насихатшылдық, фәлсапашылдық, поэмаларындағы дастаншылдық дәстүр, шығыс ақындарының көркемдік үлгі-өрнектерін қызықтауы, шығыс әдебиетінің сюжеттеріне бой ұруы да, шежірешілдігі – бәрі де өз заманының тілек-талаптарына сәйкес қалыптасқан.

Шәкәрім шығыс, орыс классиктерінің шығармаларын қазақша тәржімалауға көп көңіл бөлген. Бұл тұста аударма деген сөзді кейбір шығармаларында шартты мағынада қолдануға болады. Мысалы: «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны бүгінгі қалыптасқан мағынада аударма емес. Шығыс әдебиеттерінде кеңінен тараған назира дәстүрлі негізінде белгілі сюжетті өзінше баяндаған шығарма. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын ғылыми көзқарас тұрғысынан дұрыс бағалай білуіміз қажет. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүн» дастанын кезінде назирагөйлік дәстүрі бойынша жазылған қазақ поэзиясының төл туындысы деген пікірді М.Әуезов 1922–1923 жылдары Ташкентте шығатын «Шолпан» журналында жариялаған [1, 433 б.].

М.Әуезовтің «назира» дәстүріне берген анықтамасы: «...бір тақырыптың әр ақында қайталауы еш уақытта аударма деп танылуы керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жылмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясы бұл салтты заңды деп біліп, осы дәстүрге «назира», «назирагөйлік» деп атау да берген» [2, 1 б.]. Шығыстың сөз зергерлерінің жыр жарысы-назира дәстүрі бойынша, ақынның ең басты мұраты жаңа тақырып табу емес, жаңа жол табу, белгілі сарынды өзгеше түрге бөлеу, өзіндік бояу мен бейнелеу десек, Шәкәрім қалдырған «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны мың жылдық тарихы бар ежелгі сюжеттің ең соңғы көрінісі. Яғни шын мәнісіндегі төлтума.

«Ләйлі-Мәжнүн» дастанын арнайы кең көлемде жырлап, дастан жазған эзербайжанның ұлы ақыны Гияс Жүсіпұлы Низами (1141–1209) еді. Низами шығыс әдебиетінде нағыз классикалық көркем дастан жасаған ақын. Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» тыңдаған жанның құлақ құрышын қандыратын тамаша ғашықтық дастан екеніне көз жеткізе отырып, махаббатты жеріне жеткізе, тебірене суреттеу арқасында ақын ежелгі шығыс поэзиясындағы бір фәлсафалық қағидадан аса алмайды [3, 101 б.]. Одан кейін бұл тақырыпты жырлаған үнді ақыны Хосрау Дехлеви (XIII ғасыр) мен парсы-тәжік ақыны Әбдірахман Жәми (XV ғасыр) болды. Жәми жүзден астам еңбек жазған. Оның ішіндегі «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» елестетеді. Жәми өзбектің ұлы ақыны Әлішер Науаи екеуі арадан қыл өтпестей достықта болады. Өзінің «Ләйлі-Мәжнүн» шығармасында Науаи шеберлігіне тәнтілігін баян еткен. Поэмада Науаи туралы:

Достығыңды кеңейтеді дос деген,
 Үмітіндей құрма ағаш көктеген.
 Достық кілті көнермейтін қазына,
 Мәз боларсың мерекелі жазыңа.
 Достық деген дарқан бағың, сенімің,
 Әсем әндей әлдилейді сені мың.
 Жазады ол жаралы жан жүрегін,
 Содан табам дүниенің тірегін [4, 92 б.].

Жәми нұсқасында достыққа берік болу, достық пен махаббатты ұштастыра жырлағанын байқаймыз.

XV ғасырдың екінші жартысында Әлішер Науаи (1441–1501) да осы сюжет бойынша ғажайып дастан жазды. Төрт лирикалық өлеңдер мен бес поэма жазған Науаи таланты дүние жүзіне танылды.

Науаи дастандары Низами, Әмір Хосроу, Жәми шығармаларымен сырттай ұқсас болғанымен іштей айырмашылықтары бар. Науаидің «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасы мазмұны жағынан батыстың «Ромео мен Джульеттасына» ұқсас. Поэмада Науаи араб сахарасында болып өткен уақиғаны айтып бергенімен, көтерген түп мәселе тереңректе жатыр. Алайда, бұл Ұлы шайырлар жазған «Ләйлі-Мәжнүн» тақырыбындағы туындылардың бірде-бірі Физули жазған «Ләйлі-Мәжнүнмен» бәсекеге түсе алмады. Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүннің» Физули жырлаған нұсқасын таңдаған себебі: Физулидің «Ләйлі-Мәжнүні» сол кездегі көшпенді қазақ даласында орын тепкен тарихи-әлеуметтік жағдай, ел билеу ісі, ру арасындағы тартыс, жазықсыз махаббаттың құрбаны болу мәселелері Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүнін» жырлауға жақын болған. Бірақ Шәкәрім Физулиден дастанның сюжеттік желісін ғана ала отырып, бұл тақырыпты өзінше жырлаған еді. «Ләйлі- Мәжнүн» – XVI ғ. феодалдық-патриархалдық құрылысты сынау, жастар бостандығы – Ләйлі мен Мәжнүн бейнелерінің табиғаты.

Басқа елдердің әдебиетіндегі «Ләйлі-Мәжнүндегідей» дәстүрлі оқиғаларды, яғни дәулеті асқан, байдың балаға, мирасқорға зар болуын, Қайыстың тууын баяндауда да Шәкәрім өз көзқарасын астарлы оймен, юморлық түрде шебер сынайды. Байдың ұлды болуының себебі оның «қайырымы мол, бек қабағат, тіледі бала бер деп көп жамағат», «малының садақаға көбін шашқан», көп тілегі – қол» деген мақалдайын болыпты бәйбішесі екіқабат, жан-жаққа сүйіншіге кісі жіберіп қуанып, неше түрлі той жасау рәсімі де нағыз қазақ дәстүріне сай «сый қылып, ат мінгізіп, шапан жапты», «талай түйе –құрбан сойды», «қырық күндей кедейлерге тамақ берді» деп суреттеледі. Бірақ, Ұлы Физули дастанында Қайыс анасынан туылған сәттен-ақ өмірдегі сұлулық атаулыға ғашық болады. Ал, Шәкәрім поэмасында Қайыс емшектегі сәби кезден-ақ Ләйліні көрмесе шырылдап жылай береді. Физули дастаны прозалық кіріспе сөзбен басталып, іле-шала авторлық толғау жыр берілген. Шәкәрім поэмасында мұндай кіріспе жоқ, Физули дастанның әр тарауынан кейін авторлық монолог арқылы өз ойын қорытып, түйіндеп отырады. Қазақ ақыны оны да қажет деп таппаған. Сондай-ақ, «Ләйлі-Мәжнүннің» қазақшасында Физули нұсқасының соңғы тарауы жоқ. Бұл тарауда Физули жарық дүниеде қосыла алмай, арманда кеткен ғашықтардың жұмақтағы өмірін жыр еткен.

Көптеген әдебиеттерде Мәжнүн образы биік, ерекше, қайғылы ғашықтық символы. Осы дәстүрлі ұғымда қалыптасқан символды Шәкәрім алғашқылардың бірі болып ақыл-ой адамдарының шарқ ұрып іздегендерін қоғамнан таба алмай жан күйзелісіне түскен кезін бейнелеу үшін қолданған. «Ғарыппын дертім мол, шын осыным» - бұл қиналыс, азап, ғарыптық, мол дерттің негізі қоғамдық әлеуметтік өмірде жатыр:

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,
Берейін атын атап, ұқсаңыздар
Махаббат, ғадалет пен таза жүрек,
Бостандық, терең ғылым – міне, осылар [5. 434 б.].

Шәкәрім Мәжнүн образын ұлттық көркемдік ойлау жүйесінде жаңа бір мазмұнмен, кырмен қолданды. Шәкәрім «Ләйлі -Мәжнүнге» үнемі оралып, ондағы биік, сырлы да, нұрлы махаббат жайын ұғынудың рухани баюға пайдасы барын қара сөзбен де әңгімелеген. Бұдан байқайтынымыз Шәкәрімнің «Ләйлі-Мәжнүні» жаңа бір сарында, жаңалық әкелген дүние деу мүмкін емес, тек тақырыбы мен мазмұнында шығыс сарыны бар екенін аңғарамыз.

Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгерген Шәкәрім Абайша шығыстың жеті жұлдызын өлең жолдарына қосып, былайша жырлаған:

Науаи, Сағди, Шамси, Физули бар,
Сайқали, Қожа Хафиз, Фердоусилар,
Бәйітші елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар [6, 766 б.].

Шәкәрім «сөздің нұрын» шығыс шайырларын әлем әдебиеті тарихын нұрлы шапағатына бөлеп, ұстаздарының ізінен қалмай «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» (Абай) ниет еткен ақын.

Әрине, тарихы тағдырлас, тілі жақын, салт-санасы ұқсас халықтардың әдебиетіндегі өзара байланыстың сыры мен қырын ғылыми негізде жан-жақты талдап білген жөн. Соның өзінде, көркем әдебиетте нәзира дәстүрінің тың туындылар тудыратын құдіретті қасиетін ұдайы есте ұстауымыз абзал.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Шәкәрімтану мәселелері. Таңдамалы. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2008. – 433 б.
- 2 Егемен Қазақстан № 90–93 (25939) 12 наурыз, 2010.
- 3 Түркі халықтарының аңыздары мен әпсаналары.
- 4 Күмісбаев Ө. Иран әдебиетінің тарихы: Оқу құралы. 2-басылуы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 92 б.
- 5 Шәкәрімтану мәселелері. Таңдамалы. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2008. – 434 б.
- 6 Шәкәрімтану мәселелері. Таңдамалы. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2008. – 766 б.

REFERENCES

- 1 Shakarimtanu maseleleri. Tandamali. – Semei-Novosibirsk: Taler-Press, 2008. – 433 b.
- 2 Egemen Kazaxstan № 90-93 (25939) 12 nauris, 2010 zh.
- 3 Turki xaliktarinin anizdari men apsanalari.
- 4 Kumisbaev O. Iran adebetinin tarixi: Oku kurali. 2-basilui. - Almati: kazax universiteti, 2009. – 92 b.
- 5 Shakarimtanu maseleleri. Tandamali. – Semei-Novosibirsk: Taler-Press, 2008. – 434 b.
- 6 Shakarimtanu maseleleri. Tandamali. – Semei-Novosibirsk: Taler-Press, 2008. – 766 b.

РЕЗЮМЕ

Г.К. Темиржанова

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Восточные мотивы поэмы Ш. Кудайбердиева «Лайли-Мажнун»

В статье рассматривается восточный мотив поэмы Ш.Кудайбердиева «Лейли и Меджнун». Которое опирается в сравнении схожести традиций в социально-исторической сущности казахской степи. В связи с чем обоснован выбор Шакарима версии Физули «Лейли и Меджнун».

Ключевые слова: *традиция, генеология, восточные мотивы.*

RESUME

G.K. Temirzhanova

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

Oriental motifs of the poem Sh. Kudaiberdieva “Laili-Mazhnun”

The article deals with the eastern motives of the poem «Layla and Majnun» by Sh. Kudaiberdiev, which is based on comparison of the similarity of traditions in the socio-historical essence of the Kazakh steppe. In this connection, Shakarim's choice of the version of Fizuli "Layla and Majnun" is justified.

Keywords: *tradition, genealogy, eastern motives.*